



Номер закупки и номер лота/Сатып алу және лот нөмірлері: 2018.ОҚ-3-0074 Лот №3		Дыхательный аппарат / Тыныс алу аппараты				
Наименование лота/Лоттың атауы: 465-300714		Дыхательный аппарат / Тыныс алу аппараты				
№	№ контракта на предоставление/ жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттың №	Описание товара САП код/ САП код	Спецификация с описанием функциональных, технических, качественных и эксплуатационных характеристик, парт номера, модели предлагаемого товара/Ұсынылған тауардың функционалдықы, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, бөлшектің нөмірі, моделі	Страна происхождения товара, завод-изготовитель/ Тауарды шығарған ел, өндіруші зауыт	Кол-во/ Саны	Ед. Изм./ Өлш бір.
1	49	ДЫХАТЕЛЬНЫЙ АППАРАТ СОГЛАСНО ПРИЛОЖЕННОЙ ТЕХНИЧЕСКОЙ СПЕЦИФИКАЦИИ. ТЫНЫС АЛУ АППАРАТЫ ТІРКЕЛГЕН ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАҒА САЙ.	Спецификация с описанием функциональных, технических, качественных и эксплуатационных характеристик, парт номера, модели предлагаемого товара/Ұсынылған тауардың функционалдықы, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, бөлшектің нөмірі, моделі	Страна происхождения товара, завод-изготовитель/ Тауарды шығарған ел, өндіруші зауыт	2	ШТ/ДАНА
Срок поставки: Жеткізу мерзімі:		Условие (Инкотермс) и место поставки товара: Тауардың жеткізілім шарты (Инкотермс) және орны:				

Подпись и печать уполномоченного лица./ Ұәкілетті тұлғаның қолтаңбасы және мөрі

Техникалық сипатқұжат Сығылған ауамен тыныс алу аппараты

Сығылған ауамен тыныс алу аппараты ғимараттарда, имараттарда және халық шаруашылығының әртүрлі саласындағы өндірістік объектілерде өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде адамның тыныс алу және көру органдарын тыныс алуға жарамсыз уытты және түтінді газды ортаның зиянды әсерінен жеке қорғауға арналған.

Аппарат жұмыс қысымы 29,4 МПа баллонға сығылған ауа толтырылған, оқшауланған резервуарлық тыныс алу аппараты түрінде келеді. Аппарат климаттық жағдайларға жасалған және минус -40С-тан плюс +60С-қа дейінгі қоршаған ортаның температурасында және 98%-ға дейінгі салыстырмалы ылғалдылықта қолдануға есептелген.

Аппарат +200С температуралы ортада 60 сек. болғаннан кейін өзінің техникалық параметрлерін өзгертпейді және +800 ± 50°С температурадағы ашық жалынның әсеріне 5 секунд төзеді.

Аппарат жиынтығына мыналар кіреді:

- арқалық;
- өкпе автоматы;
- бетке толық киілетін панорамалық маскі;
- сығылған ауа толтырылатын шұралы композитті баллон 6,8-6,9 л/300 бар;

Негізгі параметрлері мен сипаттамалары

	Параметр атауы	Мәні
1	Өлшемдері, ең көбі (Б x Е x Т)	590 x 290 x 160 мм
2	Кіріс қысымы, ең көбі	0-300 бар
3.	Бірінші сатының номиналды шығыс қысымы, ең көбі	7,5 бар
4	Бірінші сатының шығыс ағыны, кемінде	> 1000 л/мин
5.	ЛА шығыс ағыны, кемінде	> 400 л/мин
6	Ысқыруды активтеу қысымы, ең көбі	50-60 бар
7	Аттестацияланған	EN 137: 2006 Тип 2, КО ТР 019/2011, ОҚ ТР МЕМСТ Р 53255- 2009
8	Жарылыстан қорғалған	ATEX 94/9/ЕС (I M1/II IGD EEx ia I/IC T4) (Та = от -40 °С до +60 °С)
9	Қызмет ету мерзімі, жыл, кемінде	10

Арқалығына (негізгі конструкциясына) қойылатын талаптар:

- негізгі конструкциясы (арқалығы) беріктігі жоғары көміртекті композиттен (жанбайтын материалдан) жасалуы тиіс, конструкциясы анатомиялық болуы тиіс, арқалыққа тіреле жатуы тиіс және тыныс алу аппаратының салмағын бірдей бөлуі тиіс, статикалық электрдің түзілу мүмкіндігін болдырмай, механикалық беріктігі жоғары болуы тиіс;

- тез алынып-салынатын эргономикалық аспалы жүйесі мен «Pull Forward» қолайлы механизмі жарақтарды жеке-жеке тез әрі оңай келтіруге мүмкіндік береді.

- барлық баулары жанбайтын материалдан жасалады;

- баллондарды бекіту белдігі баллондардың барлық түрлеріне, соның ішінде 6,8 -7л /300 бар композитті баллондарға сай келуі тиіс;

- тікелей әрекет ететін поршеньдік редуктор, редуктордың өндірімділігі құтқарылатын адам үшін екінші өкпе автоматының қосылуын қамтамасыз етуі және мәні кемінде 900 л./мин болуы тиіс, редуктор жұмыскерлер тарапынан рұқсатсыз араласуды болдырмауы тиіс;

- баллондағы қысымды көрсететін манометрде кез келген қалыпта есептеу мүмкіндігі үшін жарық шкаласы болуы тиіс, манометрдің корпусы механикалық зақымнан, ішіне балшық пен су кіруден қорғайтын резеңкемен жабылуы тиіс;

- манометр жақсы көріністі қамтамасыз ететін люминесцентті дисплеймен жабдықталуы тиіс. Сигнал беру құрылғысының берік әрі сенімді инжекторсыз ысқырығы манометрдің корпусына біріктіріліп, кірден және сыртқы әсерден жақсы қорғалуы тиіс. Иын бауы манометрдің жоғары қысымды шлангілерінің сенімді бекітілуін қамтамасыз етуі тиіс;

- манометрдің шкаласында резервтік ауа қорына сай келетін аймақ визуалды түрде белгіленуі тиіс;

- дыбыстық сигнал пайдаланушының құлағына жақын орналасуы және баллонда кемінде 55 ± 5 бар қалдық қысым қалған қатты сигнал беруі және түбіндегі ауа инъекциясының болмауын қамтамасыз етуі тиіс;

- жоғары және орташа қысымды барлық шлангілер олардың пайдалану кезінде зақымдануына жол бермейтін тәсілмен бекітілуі тиіс;

- орташа қысымды шлангі жұмсақ, төмен температура жағдайларындағы жұмысқа жарамды болуы және тез алынып-салынатын жалғама арқылы өкпе автоматының шлангісіне жалғануы тиіс.

- орташа қысымды ауа беру шлангілері мен манометр шлангілері кездейсоқ ілінісуді және ықтимал шатасуды болдырмау үшін толығымен негізгі рамаға біріктірілуі тиіс. Бұл тұйық кеңістіктерде жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік деңгейін едәуір арттыруға мүмкіндік беруі тиіс. Пайдаланушыға манометрге құптарлық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін шлангіні бір жағынан екінші жағына бағыттау мүмкіндігі қосымша талап болуы тиіс;

- жүйе дененің ауырлық күші ортасының дененің ауырлық ортасына сәйкес теңгестіріліп орналастырылуын ескере отырып, иық пен белге түсетін салмақтың оңтайлы таралуы арқасында барынша қолайлылықты қамтамасыз етуі тиіс.

Өкпе автоматына қойылатын талаптар:

- өкпе автоматы тыныстау қарқындылығына қарай ауаның қажетті мөлшерін беруі, бірінші дем алған кезде активтелуі және теңдестірілген клапаны болуы тиіс;

- регулирование давления и подачи воздуха должно производиться при помощи подпружиненной диафрагмы, что обеспечит стабильную и равномерную подачу воздуха к маске;

- визуалды анықталатын кнопканың көмегімен оңай сөндірілуі тиіс, бұл оның оңай табылуын қамтамасыз етеді;

- сүйір пішінді болуы тиіс;

- өкпе автоматының салмағы 450 грамнан аспауы, максималды өндірімділігі кемінде минутына 300 л болуы тиіс;

- конструкция өкпе автоматы мен маскінің герметикасы бүлінген кезде ауаның мәжбүрлі берілуіне мүмкіндік жасауы тиіс.

Панорамалық маскіге қойылатын талаптар:

- тыныс алу аппараты бетке толық жабатын, көз көрімін жақсы қамтамасыз ететін артық қысым маскісімен жиынтықталуы тиіс;

- маскі отқа төзімді болуы тиіс;

- маскі сенімді жайлы жату үшін иілгіш болуы тиіс;

- маскіде қапталдарында орналасқан дем шығаратын екі клапан болуы тиіс;

- маскіде дауыстап ақпарат беруге арналған сөйлесетін мембрана болуы тиіс;

- маскіні басқа ұстату үшін бес нүктелі белдіктер пайдаланылады;

- маскіде мойынға ілетін бау болуы тиіс;

- маскінің конструкциясында қарау әйнегін пайдаланушының күшімен ауыстыру қаралуы тиіс;

- маскінің қарау әйнегі берік болуы және күңгірттенуді болдырмау және сызат түсірмеу үшін жабынмен жабылуы тиіс;

- ішкі жартылай маскісі маскі астындағы кеңістікте терлеуді болдырмау және CO₂ мөлшерін азайту үшін әйнекті үрлегеннен кейін тыныстау органдарына ауаның өтуіне мүмкіндік беруі тиіс;

- конструкциясы дем шығаратын ауаның өкпе автоматына түсуін болдырмауы тиіс, бұл өкпе автоматын тыныс алу аппаратымен жиынтықта басқа адамға дезинфекция жасамай беруге мүмкіндік береді.

Жеткізер алдында өлшемдерін Тапсырыс берушімен нақтылап алу керек.

Баллондарға қойылатын талаптар:

- сығылған ауамен тыныс алу аппараттарына арналған металл-композитті баллонның сыйымдылығы кемінде 6,8 литр болуы тиіс;
 - жұмыс қысымы - 300 бар, толтыру кезінде - 330 бар, сынау қысымы – 450 бар;
 - тыныс алу аппаратымен жұмыс істеу кезінде және ауа шығысы 30 л/мин орташа болғанда толтырылған күйдегі ауа қоры – кемінде 60 минутқа жетеді.
- Баллон жиынтығына мыналар кіруі тиіс:
- металл-композитті баллон;
 - 300 бар арналған шұра, жалғанатын жалғамасы G5\8.

Жеткізушіге қойылатын талаптар:

Жеткізуші тауармен бірге төмендегі құжаттардың көшірмелерін қоса тіркеуі тиіс:

- жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған болуы, көрмелік дана болмауы, жөндеуден кейін қалпына келтірілген болмауы тиіс;

Кепілдік – жеткізілген сәттен бастап 12 ай.

Техническая спецификация Дыхательный аппарат на сжатом воздухе

Аппарат дыхательный со сжатым воздухом предназначен для индивидуальной защиты органов дыхания и зрения человека от вредного воздействия непригодной для дыхания токсичной и задымленной газовой среды при тушении пожаров и проведении аварийно-спасательных работ в зданиях, сооружениях и на производственных объектах различных отраслей народного хозяйства.

Аппарат представляет собой изолирующий резервуарный дыхательный прибор со сжатым воздухом в баллоне с рабочим давлением 29,4 МПа. Аппарат выполнен в климатическом исполнении и рассчитан на применение при температуре окружающей среды от минус -40С до плюс +60С и относительной влажности до 98 %.

Аппарат не изменяет свои технические параметры после пребывания в среде с температурой +200С в течение 60 сек. и выдерживает воздействие открытого пламени с температурой +800 ± 50°С в течение 5 секунд.

В комплект аппарата входит:

- спинка;
- легочный автомат;
- полнолицевая панорамная маска;
- композитный баллон 6,8-6,9 л/300 бар для сжатого воздуха, с вентилем;

Основные параметры и характеристики

	Наименование параметра	Значение
1	Размеры, не более (В x Ш x Г)	590 x 290 x 160 мм
2	Входное давление, не более	0-300 бар
3.	Номинальное выходное давление первой ступени, не более	7,5 бар
4	Выходной поток первой ступени, не менее	> 1000 л/мин
5.	Выходной поток ЛА, не менее	> 400 л/мин
6	Давление активации свистка, не более	50-60 бар
7	Аттестации	EN 137: 2006 Тип 2, ТР ТС 019/2011, ТР ПБ ГОСТ Р 53255-2009
8	Взрывозащита	ATEX 94/9/EC (I M1/II IGD EEx ia I/IC T4) (T _a = от -40 °С до +60 °С)
9	Срок службы, лет, не менее	10

Требования к спинке (несущей конструкции):

- несущая конструкция (спинка) из высокопрочного углеродного композита (негорючего материала) должна иметь анатомическую конструкцию, плотно прилегать к спине и равномерно распределять вес дыхательного аппарата, должна исключать возможность образования статического электричества и обладать высокой механической прочностью;
- быстросъемная эргономичная подвесная система и удобный механизм «Pull Forward» позволяет легко и быстро провести индивидуальную подгонку снаряжения.
- все ремни выполняются из негорючего материала;
- ремень крепления баллонов должен подходить для всех видов баллонов, включая композитные баллоны 6,8 -7л /300 бар;
- редуктор поршневой прямого действия, производительность редуктора должна обеспечивать подключение второго легочного автомата для спасаемого и иметь значение не менее 900 л./мин., редуктор должен предотвращать несанкционированное вмешательство со стороны персонала;
- манометр, показывающий давление в баллоне для возможности считывания в любом положении, должен иметь послесвечение шкалы, корпус манометра покрыт резиновым слоем от механических повреждений, попадания внутрь грязи и воды;

- манометр должен быть снабжен люминесцентным дисплеем, который обеспечивает превосходную видимость. Прочный и надежный безинжекторный свисток сигнального устройства должен быть интегрирован в корпусе манометра и должен быть хорошо защищен от грязи и внешнего воздействия. Плечевой ремень должен обеспечивать надежное крепление шлангов высокого давления манометра;

- на шкале манометра должна визуалью определяться зона, соответствующая резервному запасу воздуха;

- звуковой сигнал должен быть расположен близко к уху пользователя и подавать громкий сигнал при остаточном давлении в баллоне не менее 55 ± 5 бар и обеспечивать отсутствие инъекции воздуха извне;

- все шланги высокого и среднего давления должны быть закреплены способом, исключающим их повреждение при эксплуатации;

- шланг среднего давления должен быть мягким, пригодным для работы в условиях низких температур и соединяться со шлангом легочного автомата посредством быстросъемного соединения.

- шланги подачи воздуха среднего давления и шланги манометра должны быть полностью интегрированы в несущую раму для предотвращения риска случайного зацепления и потенциального запутывания. Это должно позволять значительно повысить уровень безопасности при работе в замкнутых пространствах. Дополнительным требованием должна быть возможность перенаправить шланги с одной стороны на другую для того, чтобы обеспечить предпочтительный для пользователя доступ к манометру;

- система должна обеспечивать максимальный комфорт благодаря оптимальному распределению веса на плечах и поясе с учетом расположения центра тяжести тела сбалансированному в соответствии с центром тяжести тела.

Требования к легочному автомату:

- легочный автомат должен подавать необходимое количество воздуха в зависимости от интенсивности дыхания, активизироваться при первом вдохе и иметь сбалансированный клапан;

- регулирование давления и подачи воздуха должно производиться при помощи подпружиненной диафрагмы, что обеспечит стабильную и равномерную подачу воздуха к маске;

- отключаться при помощи легко визуальной определяемой кнопки, что обеспечивает ее легкое нахождение;

- быть обтекаемой формы;

- вес легочного автомата не должен превышать 450 граммов, производительность максимальная, не менее 300 л/минуту;

- конструкция должна позволять принудительную подачу воздуха при потере герметичности легочного автомата и маски.

Требования к панорамной маске:

- дыхательный аппарат должен комплектоваться полнолицевой маской избыточного давления, обеспечивающей хорошую видимость;

- маска должна быть огнестойкая;

- маска должна быть гибкой для надежного прилегания к лицу;

- маска должна иметь два клапана выдоха расположенные по бокам маски;

- маска должна иметь переговорную мембрану для передачи информации голосом;

- для фиксации маски используются пятиточечные головные ремни;

- маска должна иметь шейный ремешок;

- конструкция маски должна предусматривать замену смотрового стекла силами пользователя;

- смотровое стекло маски должно быть прочным и иметь покрытие для предотвращения помутнения и царапин;

- внутренняя полумаска должна позволять проходить воздуху к органам дыхания только после обдува стекла для предотвращения запотевания и уменьшения содержания CO₂ в подмасочном пространстве;

- конструкция должна исключать попадание выдыхаемого воздуха в легочный автомат, что позволит передавать легочный автомат в комплекте с дыхательным аппаратом другому лицу без дезинфекции.

Перед поставкой уточнить размеры у Заказчика.

Требования к баллонам:

- метало-композитный баллон для аппаратов на сжатом воздухе должен быть емкостью не менее 6,8 литров;
- рабочее давление - 300 бар, при заправке - 330 бар, испытательное – 450 бар;
- запас воздуха в заправленном состоянии при работе в дыхательном аппарате и среднем расходе воздуха 30 л/мин. – не менее чем на 60 минут.

В комплект баллона должны входить:

- баллон метало-композитный;
- вентиль на 300 бар, соединительный разъем G5\8.

Требования к поставщику:

Поставщик вместе с Товаром должен приложить копии следующих документов:

- руководства по эксплуатации на казахском и русском языках;
- паспорта на дыхательный аппарат на казахском и русском языках;
- паспорта на композитный баллон;
- разрешения на применение композитного баллона, выданное уполномоченным органом РК;
- документ, удостоверяющий прохождение гидроиспытания на баллон (если требуется);
- заключение и протокол испытания дыхательного аппарата, выданный специализированной лабораторией КЧС МВД РК;
- сертификат соответствия Техническому регламенту Таможенного Союза;
- поставляемый товар должен быть новым, не использованным, не выставочным экземпляром, не восстановленным после ремонта;

Гарантия 12 месяцев с момента поставки.